

Г.Б. Мадиева, М.Қ. Мәмбетова

## ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

*Оқу-әдістемелік құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2013

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2Каз.

М 35

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор *А.Қ. Жұбанов*  
филология ғылымдарының докторы, профессор *Б.Қ. Мурзалина*  
филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж.Қ. Ибраева*

**Мадиева Г.Б., Мәмбетова М.Қ.**

М 35 Тіл біліміне кіріспе: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы:

Қазақ университеті, 2013. – 42 б.

ISBN 978-601-04-0041-2

Оқу-әдістемелік құрал тіл туралы ғылым – лингвистиканың әліппесі іспеттес тіл білімінің негізгі мәселелерін қамтитын тақырыптардан, семинар сұрақтары мен өздік жұмыс тапсырмаларынан, ұғымдар мен терминдер тізімінен, әдебиеттерден тұрады.

Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне, магистранттарға, PhD докторанттары мен оқытушыларға ұсынылады.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2Каз.

ISBN 978-601-04-0041-2

© Мадиева Г.Б., Мәмбетова М.Қ., 2013  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

## ТҮСІНІК ХАТ

«Тіл біліміне кіріспе» курсы жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінде оқытылатын пәндер жүйесінде айрықша орын алады. «Тіл біліміне кіріспе» кез келген тілтанымдық пәндерді меңгерудің негізі болып саналады. «Тіл біліміне кіріспе» курсы міндетті мамандану пәндерінің аясына кіреді. Болашақ филолог мамандығына дайындаудың іргетасы болып табылатын «Тіл біліміне кіріспе» пәнінің студенттердің жалпы филологиялық, оның ішінде арнайы лингвистикалық білімін қалыптастыруда маңызы зор екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр. «Тіл біліміне кіріспе» пәнінде студенттерге адамзат тілінің мәні, қызметі, қыр-сыры, даму тарихы, өзгеру жолдары, әлем тілдері жайлы жан-жақты қызықты ақпарат беріліп, филологиялық білімі толықтырыла түседі, сонымен бірге болашақ маманның алғашқы тілдік зерттеу ізденісінің бағыт-бағдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Тілдің адам өміріндегі маңызын өлшеп біту мүмкін емес, тіл – адамның мықты қаруының бірі, баға жетпес құралы. Қазіргі таңда жер шарында жеті мыңға жуық тіл бар деп есептеледі. Тілдің нақты санын атау мүмкін еместігінің де өзіндік себептері бар. Әрбір тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен қоса, барлық тілдерді біріктіретін ортақ белгілері де жоқ емес, сондықтан жалпы адамзат тілі жайлы, жалпы тілдік құбылыстар туралы, тілдің мән-маңызы, қызметі, рөлі, қоғамдық, жүйелік сипаттары жөнінде жан-жақты ақпар беретін, бастауын ертеден алатын тіл білімі ғылымының студенттер үшін берері мол ғылым екендігі сөзсіз.

Аталмыш әдістемелік құрал қазіргі тіл білімінің ғылымдар жүйесіндегі алатын орнын, өзектілігін негіздейтін түсінік хаттан, пәннің мазмұнынан, оның ішінде дәріс сабақтары мен семинар сабақтарының мазмұнынан, семинар сұрақтары мен өздік жұмыс тапсырмаларынан, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ студенттің пәнді оқу барысында меңгеруі тиіс тіл білімі теориясының метатілімен таныстыратын негізгі ұғымдар мен терминдер тізімінен тұрады. Дәріс сабақтарында

тіл білімінің теориялық тұрғыдан тұжырымдалуымен байланысты күрделі мәселелер қамтылса, семинар сабақтарында студенттер әртүрлі ғылыми әдебиеттердегі тұжырымдар мен көзқарастарға талдау жасап, сонымен қатар тіл білімі теориясының ұғымдық-терминологиялық аппаратымен жете танысады. Аталмыш курсты оқытуда студенттің өздік жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуына айрықша назар аудару қажет. Өздік жұмыстың тиімді формалары ретінде берілген әдебиеттердегі маңызды тұжырымдарды конспектілеу, презентация жасау, топпен жұмыс секілді түрлері ұсынылады және де негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі беріліп отырады.

Пәннің негізгі мақсаты – студенттерді тіл білімінің теориялық негізімен, ұғымдық-терминологиялық аппаратымен таныстыру, тілдік материалды өз бетінше талдаудың бастапқы дағдыларын дамытуға үйрету.

Пәннің міндеттері:

✓ тіл білімінің негізгі терминологиясымен таныстыра отырып, тіл туралы түсінік қалыптастыру;

✓ тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдерін қолдануға дағдыландырып, оны тілдерге лингвистикалық талдау жасауда қолдана білуге үйрету;

✓ әртүрлі тіл деңгейлеріндегі тілдік бірліктерге талдау жасап, қазақ, орыс және үйреніп жатқан шет тілдерінен мысалдар келтіре білуге дағдыландыру;

✓ тілді зерттеудегі дәстүрлі және жаңа бағыттармен таныстыру.

Нәтижесінде студент:

➤ тіл білімінің тармақтарын, тілдің ішкі қабаттарын, тілдің деңгейлік құрылымын, әрбір деңгейдің негізгі бірліктерін меңгеруі;

➤ тілді тұтас жүйе ретінде танып білуі, оның ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын, жолдарын білуі;

➤ тілдің табиғатын, тілдің басқа да табиғи құбылыстардан ерекшелігін, оны әлеуметтік құбылыс ретінде түсінуі;

➤ тілдің таңбалық сипатын, тіл мен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың арақатынасын түсінуі;

➤ лексикология, фонетика, грамматика жайлы білімдерін толықтыра түсіп, жана тілдік заңдылықтар мен үдерістер жайлы білуі;

➤ әртүрлі тілдерден мысалдар келтіре отырып, тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасай білуі;

➤ әлем тілдері жайлы түсінігін қалыптастырып, олардың типологиялық және генеалогиялық топтастырылуын білуі;

➤ жазудың пайда болу тарихы мен жазу түрлерін білуі;

➤ тілдердің бір-бірімен қатынас жасау барысында туындайтын өзгерістер мен даму үрдістері жайлы, қазақ тілінің басқа тілдермен байланысу нәтижелері жайлы жан-жақты мәлімет алуы тиіс.

Оқу-әдістемелік құрал бакалавриат студенттері мен магистранттарға, тіл білімі мәселелерімен айналысатын PhD докторанттары мен оқытушыларға ұсынылады.



## ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Апта	Дәріс және семинар сабақтардың мазмұны	Сағат саны	СӨЖ
<b>I Модуль Тіл және тіл туралы ғылым</b>			
1	<b>1 дәріс:</b> Тіл білімі туралы жалпы түсінік. Тіл білімінің ғылымдар жүйесіндегі орны, басқа ғылым салаларымен байланысы.	1	1 СӨЖ тапсырмасы
	1 семинар сұрақтары	1	
2	<b>2 дәріс:</b> Тілдің пайда болуы. Тілдің пайда болу мәселесінің тарихы (глоттогенез); қазіргі жай-күйі.	1	2 СӨЖ тапсырмасы
	2 семинар сұрақтары	1	
3	<b>3 дәріс:</b> Тіл – таңбалық жүйе. Жалпы семиотика және лингвосемиотика. Табиғи және жасанды тілдер.	1	3 СӨЖ тапсырмасы
	3 семинар сұрақтары	1	
4	<b>4 дәріс:</b> Тілдің қызметі. Тіл және ойлау. Нейролингвистика.	2	4 СӨЖ тапсырмасы
	4 семинар сұрақтары	1	
5	<b>5 дәріс:</b> Тіл, сөйлеу, сөйлеу әрекеті. Психоллингвистика.	1	5 СӨЖ тапсырмасы
	5 семинар сұрақтары	1	
<b>II Модуль Әлем тілдерінің топтастырылуы</b>			
6	<b>6 дәріс:</b> Әлем тілдері. Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы.	1	6 СӨЖ тапсырмасы
	6 семинар сұрақтары	1	
7	<b>7 дәріс:</b> Тілдердің типологиялық топтастырылуы. Тіл типі, тілдегі тип, типология.	2	7 СӨЖ тапсырмасы
	7 семинар сұрақтары	1	

## №1 АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

### III МОДУЛЬ Тіл қабаттары және тіл жүйе, құрылым ретінде

8	<b>8 дәріс:</b> Семантика. Лексикология және лексикография.	2	8 СӨЖ тапсырмасы
	8 семинар сұрақтары	1	
9	<b>9 дәріс:</b> Фонетика. Фонология, фонема, аллофон. Артикуляторлық, акустикалық, перцептивтік, функционалдық фонетика.	2	9 СӨЖ тапсырмасы
	9 семинар сұрақтары	1	
10	<b>10 дәріс:</b> Морфология. Грамматика: морфология және синтаксис. Морфема, морф ұғымдары.	2	10 СӨЖ тапсырмасы
	10 семинар сұрақтары	1	
11	<b>11 дәріс:</b> Синтаксис. Синтаксистік типология. Мәтін лингвистикасы.	2	11 СӨЖ тапсырмасы
	11 семинар сұрақтары	1	
12	<b>12 дәріс:</b> Тілдің жүйесі және құрылымы. Тіл – жүйелердің жүйесі.	2	12 СӨЖ тапсырмасы
	12 семинар сұрақтары	1	
13	<b>13 дәріс:</b> Жазу – ерекше таңбалық жүйе. Жазу тарихы. Жазу типтері.	2	13 СӨЖ тапсырмасы
	13 семинар сұрақтары	1	

### IV МОДУЛЬ Тілдің қоғамдық сипаты және тілдік қатынас

14	<b>14 дәріс:</b> Тіл және қоғам. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық жағдаят.	2	14 СӨЖ тапсырмасы
	14 семинар сұрақтары	1	
15	<b>15 дәріс:</b> Тілдердің дамуы және өзара байланысы. Тілдік қатынастар.	2	15 СӨЖ тапсырмасы
	15 семинар сұрақтары	1	

## №2 АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Барлығы	Дәріс	30	СӨЖ 15
	Семинар	15	